

АНЫҚТАМАСЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Ешмуханбетов Сабит Сайфуллаевич	Мектеп директоры
Турымбетова Жапырақ Урынгалиевна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
Науанова Жания Жақауовна	Мектеп директорының әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары;
Чуйншкалиева Женисгул Сапарбаевна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Кенжеғалиев Самет Рахметұлы	Кәсіподақ төрағасы

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

«М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.

Атырау облысы Индер ауданы Елтай ауылы

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің «М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша
ТҰЖЫРЫМ**

2020-2021 оқу жылы

1. Жалпы сипаттама

1. Білім беру ұйымының толық атауы:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің « М.Сиранов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение « Средняя школа имени М.Сиранова » отдела образования Индерского района Управления образования Атырауской области» **(көшірме қоса жалғанды)**

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Индер ауданы, Елтай ауылдық округі Елтай ауылы Жеңіс көшесі №18 , почта индексі 0202060

Республика Казахстан, Атырауская область, Индерский район, сельский округ Елтай, село Елтай улица Женис, дом №18 , почтовый индекс 0202060

(көшірме қоса жалғанды)

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон : +77751917470, 87786270643

Электронды пошта: Shsiranov_eltai@mail.ru

Web-сайт: siranov .edu-gov2./kz/

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері :

Мектеп директоры Ешмуханбетов Сабит Сайфуллаевич

(көшірме қоса жалғанды)

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Атырау облысының әділет департаменті Махамбет ауданаралық әділет басқармасы». Заңды тұлғаның (филиалдың немесе өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуі 2021 жылы 13 қаңтарда жүргізілді. **(көшірме қоса жалғанды)**

6. Рұқсат беру құжаттары:

Лицензия: Лицензия «ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі. 03.02.2021 жыл № KZ 42LAA00021755 **(көшірме қоса жалғанды)**

13.2-параграф. Бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар сақталған.

М.Сиранов атындағы орта мектептің 2020-2021 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарлары бар. **(көшірме қоса жалғанды)** МЖМБС талаптары айқындалған, жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестелген.

2020-2021 оқу жылының **ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ:** Оқыту мен оқуда мұғалімдердің кәсіби білігін жетілдіру арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру

Мақсаттары: Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін, әлеуметтік жағдайын ескеріп, оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жетілдіру, ертеңгі білімдар, парасатты жеке тұлғаны қалыптастыру

Міндеттері: 1. ҚР Білім туралы заңын жүзеге асыру, ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында білім алушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыру

2. Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттарын, әдістемелік нұсқаулықтарды басшылыққа алу.

3. ҚР Білім беру стандартына сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шәкірттерге сапалы білім беру

4. Инновациялық мектептер мен жаңашыл мұғалімдер тәжірибесін жүйелі түрде зерттеу. Саралап оқыту әдістері мен формаларын одан әрі дамыту. Шығармашылық топтар жұмысын белсенді жүргізу. Оқытудың жаңа технологияларын үнемі оқып үйрету.

5. Дарынды оқушылардың қабілетін шыңдау, оларды олимпиадалар мен ғылыми – практикалық конференцияларға жыл бойы дайындауды ұйымдастыру.

6. «Зерде» және «Жас олимпиадашылар» мектебінің жұмысын жетілдіру.

7. «Жас ұлан», «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын жандандырып, шәкірттерді ұлттық салт – дәстүр негізінде тәрбиелеуді жалғастыру, инабатты ұл, ибалы қыз тәрбиелеудегі имандылық иірімдерін үйрету. Атамекенге құрмет, туған ел мен тілге деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу, шәкірттердің көркемөнерге деген талабын шыңдау.

8. Мұғалімдерді білім жетілдіру курстарынан жүйелі өткізу, әр түрлі деңгейдегі байқаулар мен конкурстарға қатыстыруды қамтамасыз ету.

9. Барлық сабақ түрлерінің жоғарғы методикалық деңгейде өтуін қамтамасыз ету.

10. Жас ұстаздарды кәсіптік жағынан шыңдау.

11. Оқу пәндерін әдістемелік қамтуды білім беру саласындағы басшылық құжаттармен, оқу жоспарларымен және бағдарламалармен сәйкестеу, авторлық бағдарламалар құру.

12. Электронды оқыту жүйесін енгізуде ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзіреттілікті қалыптастыру.

13. Оқушылардың ҰБТ - ға және оқушылардың жетістігін сырттай бағалауға дайындық сапасын арттыру жұмыстарын жандандыру.

14. PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулер негізінде оқу сауаттылығы, жаратылыстану - математика пәндерін оқытуда қойылатын талаптарды қалыптастыру.

15. Жаңа форматты курстан өткен мұғалімдерден жұмылдыру топтарын құру, жұмыстарын жетілдіру.

16. Элективті курстарды оқушы сұраныстарына қарай мазмұнды жүргізу.

17. Тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру факторы ретінде баланың жеке тұлғасын қалыптастыру сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету.

18. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірмелер, спорттық секциялар жұмысын жандандыру.

19. Қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізу.

20. Ескірген немесе сұраныс жоқ білім пәндерінен арылу, сонымен бірге сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту

21. Орта білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығымен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгерту .

2. Мектеп директоры бекіткен 2020-2021 оқу жылдарына арналған **жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері** бар . Жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға

міндетті білім беру стандарты(№182 05.05.2020 жылғы өзгерістерімен), «2020-2021 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»әдістемелік нұсқау хаты және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС талаптарына сәйкес жасалды:

1,4 сыныптарда Қ. Р Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен, 2,3 сыныптар ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

5-9 сыныптар «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

10-11 сыныптар « ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары басшылыққа алып жасалды. **(көшірме қоса жалғанды)**

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілді.

2020-2021 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

10-11-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптардағы Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, 9,10,11-сыныптардағы құқық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды

4. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған 2020-2021 оқу жылдарына арналған **тәрбие жұмысы іске асырылды (көшірме қоса жалғанды)**; тәрбие жұмысы бойынша жоспарға сипаттама атқарылған жұмыстар жазылады
- 2020-2021 оқу жылында «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» бағдарламасы бойынша жоспарланған іс-шаралар жүзеге асырылды.

I. «Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие» бағыты бойынша оқушылардың құқықтық сауаттылығын, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында 11 сыныптарда «Еңбек құқығы және кәмілетке толмағандар» тақырыбында тренинг, 1-4 сыныптар арасында «Мемлекеттік рәміздер - Қазақстанның өркені мен өрлеуінің негізі» атты ашық тәрбие сағаттары, ҚР тәуелсіздік мерекесіне орай 9"а" сынып оқушылары Сарайшық мұражайына

виртуалды саяхат, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған "OTANLife" жобасы аясында "Музей FEST" жобасын іске асыру мақсатында 5-6 сынып оқушылары Көктоғай ауылындағы Б.Нысанбаев атындағы "Әскери даңқ мұражайына" саяхат жасады. 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне Елбасының өмір жолын, ел үшін жасаған ерен ерлігін насихаттау мақсатында «Елін сүйген Елбасы» тақырыбымен 1-10 сыныптар арасында апталық өткізілді. 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай «Елін сүйген Елбасы» тақырыбымен 1-10 сыныптар арасында апталық өткізілді.

Оқушылар арасында құқықтық тәрбие беру бағытында мектеп инспекторы Б.Бекназаровпен «Заң және мен» тақырыбымен пікірталас ұйымдастырылды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік-тұғырым" тақырыбындағы апталық аясында "Тәуелсіздік күні" тақырыбында 7-8 сыныптар арасында эссе байқауы, 5-6 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіз елім- Қазақстаным" атты көркемсөз шеберлері байқауы, 3 "б"-сынында "Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым", 4 "ә"-сыныбында "Тәуелсіз елім-Қазақстан", 2 «а»-сыныбында "Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім!", 1 "а"-сыныбында "Мен өз елімнің патриотымын" атты сынып сағаттары өткізілсе, 5-10 сыныптар арасында Тәуелсіздік мерекесіне орай патриоттық әндер челленджі ұйымдастырылып, "5-сыныптар арасында "Тәуелсіз Қазақстан" атауымен онлайн сурет көрмесі өткізілді.«Жас ұлан», «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелерді қабылдау мақсатында «Жасампаз елдің жас ұланы» тақырыбымен шара ұйымдастырылып, ұландар қатарына барлығы 23 оқушы қабылданды. Мектеп оқушыларының қатысуымен ауыл мәдениет үйінде ауыл жұртшылығына «Тәуелсіздікке тарту» тақырыбымен мерекелік сазды бағдарлама ұсынды. Шарада 8-сынып оқушылары «Желтоқсаннан бастау алған – азат күн» тақырыбында сахналық қойылым көрсетіп өнерпаз оқушыларымыз ән мен жырдан шашу шашты. 9-11 сынып оқушылары арасында діни экстремизм, терроризм терминдеріне түсінік беру, Қазақстан Республикасындағы лаңкестікке қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жайы жөнінде мағлұмат беру мақсатында «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында ауыл ақсақалдар алқасы төрағасы мен ардагер ұстаздармен дөңгелек үстел өткізілді. Мектеп мұғалімдері мен ата-аналардан құрылған топ құқық қорғау қызметкерлерімен бірлесе отырып, «Балалар түнгі қалада» тақырыбында түнгі рейдтер мен бақылаулар жүргізді. Рейд барысында тәртіп бұзған, беймезгіл уақытта көшеде жүрген немесе кафе–барларда жұмыс жасаған оқушылар кездескен жоқ. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы "Құқық және тәртіп фракциясы" аясында мектеп оқушылары мен ауыл тұрғындарына жолда жүру тәртібі жайында түсінік жұмыстарын жүргізіп, "Қауіпсіз жол" акциясы ұйымдастырылды. "Балалар еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн" Ұлттық ақпараттық науқанының іс шаралар жоспарына сәйкес Индер ауданы полиция бөлімінің ЖПҚ б—ның УПИ полиция капитаны А.Жумашевтің қатынасуымен 6, 10-сынып оқушыларына "ZOOM" платформасы арқылы "Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбымен түсінік жұмыстары жүргізілді."Бала құқығы адам құқығы" атты онкүндік аясында 5-11 сынып оқушыларына құқықтары мен міндеттері туралы және түрлі өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктерін жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдай алу әрекеттеріне түсінік жұмыстары жүргізілді. Индер аудандық полиция бөлімі ЖПҚБ-ның ЮПИ- і, полиция лейтенанты А.Амангельдиева Zoom платформасы арқылы онлайн шара өткізілді. Бұл шарада 5-11 сынып оқушыларына заң талаптарын бұзбай, өзіне жүктелген міндеттерді орындай білуге үйрету мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді. 5-7 сыныптар арасында "Мен және менің құқығым", "Бақытты балалық шақ" тақырыптарында суреттер және қолөнер өнер көрмесі ұйымдастырылды. 8-11 сыныптар арасында «Қылмыстық құқық. Қылмыс. Жауапкершілік» тақырыбында пікірталас өткізілді. Онкүндік шеңберінде мектеп психологы А.Жалғасбаева «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» тақырыбымен дөңгелек үстел өткізді. «Өз құқыңды білесің бе?» тақырыбында эссе жазудан сайыс өткізілді.«Менің елім» тақырыбында 5-10 сыныптар арасында патриоттық ән байқауы өткізіліп, жеңімпаз оқушылар мектеп директорының Алғыс хаттарымен

марапатталды. Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 32 жыл толуына орай 7 "ә"-сыныбында "Кеңес-Аудан соғысы" тақырыбымен ашық сабақ, 8 «ә»-сыныбында ZOOM платформасында "Ауғанның асуында от кешкендер" атты кездесу кеші, 8 "а"-сынып оқушыларының ауылымыздың ауған соғысы ардагерлеріне арналған "Мәңгілік естен кетпес отты жылдар" атты бейнеролигі әлеуметтік желіде жарияланды. Мектеп медбикесі М.Рысмұханбетова салауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Барлық жамандықтың кілті–ішімдік пен темекі» тақырыбымен 8-11 сыныптар арасында Елтай дәрігерлік амбулаториясының дәрігері С.Бағытжанмен кездесу өткізді.

Жеңіс күні мерекесіне орай 1-10 сыныптарда "Ешкім де ешқашан ұмытылмайды" тақырыбында ZOOM платформасымен сынып сағаттары өткізілсе, 2 «а»-сынып оқушылары қайсар мінезді ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғас тапқан күніне арнап бейнебаян дайындап, әлеуметтік желіге жариялады.

1-8 сыныптар арасында «Ұлы жеңістің 75 жылдығы» аясында онлайн түрде «Желбіре жеңіс жалауы» атты өнер байқауы өтті. Байқау онлайн жүйесінде бейнебаян жасау түрінде өткізіліп, жас ерекшеліктеріне байланысты бастауыш және орта буынға бөле отырып, жеңімпаздар анықталып, мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен бірге, 1-11 сыныптар арасында «Менің атам майдангер» тақырыбымен бейнебаяндар челенджи өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды. Жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры Боран Нысанбаевтың туғанына 103 жыл, ерлікпен қаза тапқанына 78 жыл толуына орай 8 "ә"-сыныбында ZOOM платформасы арқылы онлайн сынып сағаты өтті.

II. «Рухани-адамгершілік тәрбиесі» бөлімі бойынша мектебімізде оқушылардың ана тіліне деген қадір-қасиетін арттыру мақсатында «Тілім менің – тірлігімнің айғағы!» атты айлық өткізілді. Айлық барысында мектепалды даярлық тобында «Тіл-ұлт қазынасы» атауымен шара өткізілсе, ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Funny English» тақырыбында көңілді үзіліс сағаты өтті. ҚР Халықтарының Тілдері күні мерекесіне орай, 5-8 сынып оқушыларының қатысуымен мерекелік шара өткізілді. Шара барысында оқушылар әр ұлттың салт-дәстүріне, ұлттық тағамдарына, өнеріне шолу жасады. Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген И.Тайманұлының 230 жылдығына арналған іс-шаралар жоспары жасақталып, 8-10 сыныптар арасында сынып сағаттары мен ашық сабақтар өткізілді. Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай ақын өлеңдерін насихаттау мақсатында 9-сынып оқушылары арасында "Әдеби джем" шарасы өткізілсе, Ж.Нәжімеденовтың 85 жылдығына орай "Жұмекен өлеңдерін оқудан" көркемсөз шеберлерінің онлайн байқауы өткізілді. Ұлы ақын А.Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орай ақын өлеңдерін жатқа оқу челленджи ұйымдастырылды. Өлкеміздің абыройын асқақтатып саналы ұрпақ тәрбиелеген, қыр еліне білімнің шапағатты нұрын сепкен ұстаз Әйіп қажы Бекенұлының қайраткерлік, ағартушылық қызметін насихаттау мақсатында "Имандылық-тәрбие негізі" тақырыбымен ашық сабақтар өткізілсе, 5-7-сыныптарда "Имандылық тәрбие негізі" атты қашықтық сынып сағаттары өткізілсе, 8 «а»-сыныбы «Сайын даланың санатты ұлы» және 8 «ә»-сыныбы "Ғылым пен білімді қатар ұстаған тұлға" тақырыптарында бейнебаян дайындап, әлеуметтік желіге жариялады.

8 наурыз Халықаралық аналар мерекесіне орай «Күдіретіңе бас иеміз, Ана!» тақырыбында мерекелік апталық ұйымдастырылып, онлайн-кездесулер, мерекелік концерттер, тренингтер өткізілді.

Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысуы бақылауға алынып, сабақтан қалған оқушылар туралы директор жанындағы кеңесте тыңдалып, ата-аналарына хаттар жіберілді. Дәлелсіз себептермен сабақтан қалушылар тіркелген жоқ. Мұнай айдау станциясынан қатынап оқитын оқушылар тасымалдануда.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған "OTANLife" жобасы аясында жасақталған іс шаралар жоспарына сәйкес мектеп кітапханашысы Қ.Жанмукашева "Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына- 30 кітап" тақырыбында виртуалды көрме ұйымдастырып, оқушыларға таныстырды.

III. «Ұлттық тәрбие беру» мақсатында жоспар бойынша мектебімізде 1 сыныптарда ұлттық аспаптар туралы түсінік беру мақсатында «Ұлттық аспаптар» тақырыбымен өнеге сағаты, оқушыларға халық мұрасын насихаттау мақсатында бата айта білуге тәрбиелеуде 3-6 сыныптар арасында «Ақ тілек,ақ бата» тақырыбымен онлайн сайыс өткізілді. «Ұлтымыздың ұлы тұлғалары» тақырыбында 8 «ә»-сыныбында ZOOM платформасы арқылы онлайн конференция өткізілді. Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдері Н. Ғалешова мен А. Байшеркешова «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты онкүндік өткізді. Онкүндік аясында 4-5 сынып оқушылары арасында «Алтын жүрек анамыз» атты мәнерлеп оқу онлайн-сайысы өткізіліп, сайыс әлеуметтік желідегі лүпілдер мен пікірлер арқылы қорытындыланып, нәтижесінде I орынға Ибат Аружан (Мұқағали Мақатаев «Шеше» өлеңі), II орынға Салду Фатима («Анам менің» өлеңі), III орынға Нұржан Әсемай («Анам менің» өлеңі) ие болды. «Анама сыйлық» атты акция аясында балалардың шығармашылық жұмыстар көрмесімен жалғасын тапты. 9-сынып оқушылар арасында «Махаббатқа толы жүрек» тақырыбында эссе жазудан сайыс өткізілді. Сайыс қорытындыланып, М.Бауыржан I орынға, А.Төлеген мен І.Құрманова II орынға, Н.Есқабыл және Д.Шайдуллина III орынға,Н. Бекшойын мен А.Махсот Алғыс хатқа ие болды. Барлық сыныптарда «Өзін-өзі тану» адамгершілік –рухани білім беру бағдарламасының авторы С.Назарбаеваның өмірі мен шығармашылығы туралы фильмдер көрсетілсе, «Мейірім төгетін ана» атты онлайн-кітап көрмесі өткізілді. 1 наурыз- Алғыс айту күніне орай "Алғыс жауған ерекше күн" атты қайырымды істер марафоны өткізілді.Осы орайда 11 "а"-сынып оқушылары өз алғыстарын айтып,ризашылық сезімдерін білдірді.Мерекеге орай 4-11 сыныптар арасында "Алғыс айту -парызым" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Алғыс айту күні мерекесіне орай «Алғыс» жәшігі ілініп, қорытындыланды. Шара барысында 9-сынып оқушыларынан құрылған «Шапағат» еріктілер тобы және өзін-өзі тану пәні мұғалімі Н.Ғалешова, сынып жетекшілер М.Карентаева мен Ә.Жумалиева бастап, ардагер ұстаз Көжекова Дариға апайдың үйіне барып, тазалық жұмыстарын жүргізді. **IV. «Отбасы тәрбиесі».** Қыз бала тәрбиесінің маңыздылығын ұғындыру мақсатында «Қыз Жібек» қыздар отауы құрылды. «Қыз Жібек» қыздар қоғамдық кеңесінің мүшелері сайланып, «Қыз Жібек» қыздар қоғамдық кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасақталды. «Қыз Жібек» қыздар отауында барлығы 187 қыз бала болса, оның ішінде бастауыш буын 1-4 сыныптар 81 қыз бала, орта буын 5-8 сыныптар 75 қыз бала, жоғарғы буын 9-11 сыныптар 31 қыз бала бар. Әр тоқсан сайын «Қыз Жібек» қыздар отауында 5-7, 8-11 сынып қыз балаларымен бірлескен жиналыс болып өтті. Бұл жиналыста «Қыз Жібек» қыздар отауының жаңа оқу жылындағы жоспары бекітіліп, отаудың жаңа төрайымы мен орынбасарлары тағайындалды. «Қыз Жібек» қыздар отауының төрайымы болып 11-сынып оқушысы, оқу екпіндісі Досымова Ақмарал, орынбасары болып 10-сынып оқушысы, оқу үздігі Сайфолла Арай сайланды. Жиналыс барысында «Қыз Жібек» қыздар отауының жетекшісі Э.Құлбарақ мектептегі қыз балалардың тазалығы, сабақ үлгерімі, тәртібі, мектеп формасын және ережесін сақтауы, қоғамдық жұмысқа қатысын, тәрбиелік шараларға көптеп қатысуға атсалысу керектігін,медбике М. Рысмұханбетова «Қыз бала гигиенасымен таныстыру» тақырыбында баяндама жасады. "Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" атты Республикалық науқанға байланысты "Қыз Жібек" қыздар отауы мүшелері мектеп инспекторы А.Амангельдиева мен мектеп психологы А.Жалғасбаевлардың қатысуымен 9-11 сынып қыз балаларына «Жасөспірімдер арасындағы зорлық–зомбылық» тақырыбында қашықтықтан сұхбаттасу сағаты өткізілді. Сонымен бірге, 6 "а,ә"-сыныптарында "Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын" атты эссе жазудан сайыс ,5-сыныптар "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбымен онлайн дөңгелек үстел, 7 «а»-сыныбында «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын», 8 "ә"-сыныбы "Бала зорлығы-қоғам қасіреті" тақырыбында ZOOM платформасы арқылы онлайн сынып сағаттарын өткізсе, 1-11 сыныптар арасында "Отбасымызда зорлық-зомбылыққа жол жоқ" тақырыбымен ZOOM платформасымен жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті.

Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әзірленген жаңа арнайы «Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру бағытында 2-7 қараша аралығында «Қыз-ұлт келбеті» атты онкүндік өтті. Онкүндік барысында кітапханашы Қ.Жанмұқашева жерлесіміз Ф. Оңғарсынованың шығармаларынан «Қыз ғұмыр» атты онлайн-кітап көрмесін ұйымдастырса, 8-11 сынып қыз балаларына ZOOM платформасы арқылы ауыл дәрігерлері Б.Қансұлтанов, акушер Н.Наутиева, ембике М.Рысмұханбетовалардың қатысуымен «Қыз балалардың жеке бас гигиенасы», «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында әңгімелесу, кеңес беру сағаты ұйымдастырылып, сонымен бірге қыз балалардың мұғаліммен этикалық қарым-қатынас жағдайы талқыланса, «Маған өмір керек, мен өмірге керекпін» атты тренингтер өткізілді. Онкүндік аясында «Ою-өрнек Party» шебер-сыныптар, «Арт-объект: Қазақ қызының бейнесі», Fashion: Трендте-ұлттық киім! (тик-ток), «National food: Қазақ асүйі» (Ұлттық тағамдар эстафетасы), «GirlSafety» қыздарға арналған интернет қауіпсіздігі (қыздар арасындағы сынып сағаттары), «Заманауи қыздың бейнесі» (Modern Kazakh girl) видео-челленджер өткізілді. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік, қыздардың тәртібі, бас гигиенасы, тазалығы жөнінде «Қыз бала- ұлттын ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында қыздар жиналысы өткізіліп, қауіпсіздік мәселелері туралы айтылды. Бала мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту мақсатында «Отбасы-тәрбие басы, мектеп-тәрбие жаршысы» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында бірыңғай онлайн-сынып сағаттары өткізілді. 1 «а,ә»-сыныптарында «Отбасы-бақыт ұясы» атауымен ZOOM платформасы арқылы бірлескен шеберлік сағаты, 7 «ә»-сыныбында «Отбасы-бақыт мекені» атты онлайн-тәрбиелік шара, 6 «ә»-сыныбында қашықтықтан «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы» тақырыбында ата-ана және оқушылармен бірлескен тренинг, 4«ә»-сыныбы «Отбасы-бақыт мекенім» атты ZOOM платформасында ата-аналармен бірлескен дөңгелек үстел өткізілді. 10«а»-сыныбында «Тәрбиенің мектебі-отбасы» атты онлайн сынып сағаты, 5 «ә»-сыныбында «Отбасым-асыл қазынам» атты ата-аналармен онлайн-тренинг, 5 «а»-сыныбы «Отбасыммен өткізген тамаша күндерден естелік» атты ZOOM платформасымен фотосуреттер көрмесін өткізді. Сонымен бірге, мектеп психологы Г.Қабиева «Отбасы - адамгершілік руханияттың қайнар көзі» атты ата-аналармен онлайн-тренинг ұйымдастырып, шара барысында ата-аналармен сауалнамалар, жағдаяттарды талдау, «Есімдер», «Мен және айна» тренингтерін өткізу арқылы отбасының балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі орнының маңыздылығын көрсетті. «Менің отбасымның бағы-елімнің мәртебесі» тақырыбындағы жоғарғы сынып оқушыларының аудандық байқауында 11-сынып оқушысы Г.Қалданова жүлделі 3 орынға ие болып, дипломмен марапатталды. Мектебімізде «Ата-ана және мектеп» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы жоспарға сай уақытылы өткізілді.

Ү. «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» мақсатында іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспарланған жұмыстар жүргізілді. Оқушыларға мамандық таңдаудың адам өміріндегі маңыздылығы туралы ұғындыру мақсатында «Мамандық таңдау –өміріңіздің кірпішін дұрыс қалау» тақырыбымен еркін форматта сұхбат-кездесу өткізілді. Кездесуге әр салада қызмет етіп жатырған, еліміздің өркендеуіне ат салысып жүрген жас мамандар мен студенттер қатынасты. 10-11 сынып оқушылары арасында "Мамандықтар әлемін ашамыз" тақырыбында әр түрлі бағамдар бойынша онлайн-байқау ұйымдастырылды. Байқау нәтижесінде эссе жазу бағамы бойынша 10-сынып оқушысы Х.Жолдас, презентация бөлімі бойынша 9-сынып оқушысы Д.Енбаева және видеоблог бойынша Ж.Маратованың жұмыстары үздік танылды.

5-сыныптарда «Төл теңгеміз – ұлттық мақтанышымыз» атты танымдық онлайн-сағаты өткізілді. «Тимуршылар» тобының мүшелері көмекті қажет ететін жалғыз басты қарияларға көмекке барып, аула-қораларын тазалау, үй-ішін жинау жұмыстарына жәрдемдесті. 9-11 сынып оқушылар арасында ZOOM платформасы арқылы «Менің таңдауым», «Мен кім болғым келеді?» тақырыбымен сауалнама жүргізіліп, оқушылар болашақта қай мамандық иесі болғысы келетіндіктері туралы өз ой-пікірлерін ортаға салды. Онлайн форматында Абай өлеңдерінен оқушылардың челленджі, мамандық таңдау кеші, ауған соғысы ардагерлерімен кездесу, қайырымдылық шаралары, алғыс айту күні мерекелері өз мәнінде өткізілді. Оқушылардың өмірден өз орындарын табуына бағыт беру аясында мектеп

тәлімгері А.Гарифуллина 9-11 сыныптар арасында «Қош келдің студент!» атты студенттермен кездесу кеші онлайн форматында ұйымдастырылып, өткізілді. ZOOM платформасы арқылы 9-11 сыныптар арасында аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы С.Есетов және Елтай дәрігерлік амбулаториясының терапевт дәрігері Б.Қансұлтановтың қатысуымен «Алуан- алуан кәсіп бар, Таңдай біл де талап қыл» тақырыбында онлайн-мамандық таңдау кеші өткізілді. Кеш барысында мектеп психологтары Г.Қабиева мен А.Жалғасбаева тренинг ұйымдастырды.

ҮІ . «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі». Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушылардың үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысуын қамтамасыз ету шаралары жүргізілді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған "OTANLife" жобасының наурыз айындағы "Қазақстан ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті" шарасына сәйкес "Рухани жаңғыру" бағдарламасының Ұлттық іс шаралар жоспарына сәйкес, "Шымырлық пен шеберлік" күніне орай бастауыш сыныптары арасында ұлттық ойындардан: асық ату, арқан тартыс, қол күресінен сайыстар өткізілді. Ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді, мәдениетімізді насихаттау және көктемгі каникул кезінде оқушылардың сапалы және қауіпсіз демалысын ұйымдастыру мақсатында 1-8-сыныптарда "Ulttyqrand" сағаты, "Шымырлық пен шеберлік" күніне орай бастауыш сыныптары арасында ұлттық ойындардан: асық ату, арқан тартыс, қол күресінен сайыстар, оқушыларға салауатты өмір сүруді және қысқы спорт түрлерін насихаттау, бос уақыттарын тиімді пайдалануға бағыт беру бағында "Қазақстан-спорттық ұлт" тақырыбымен дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қ.Изимов пен АӘД пәнінің мұғалімі Е.Сайфолланың ұйымдастыруымен 10-11 сыныптар арасында шаңғы тебуден сайыс өткізілді. «Қазақстан балалары - қысқы ғажайып» атты қысқы каникул кезіндегі қызықты сәттерінен бейнероликтер шеруі ,9 "ә" сынып оқушыларына "КВЕСТ" ойыны ұйымдастырылды. "Ұл -шаңырақ иесі" тақырыбында дене тәрбиесі пәні мұғалімі Қ.Изимов оқушыларға "Асық-терапиясы" асық ойнаудың пайдасы туралы таныстырып, асықтың маңыздылығын түсіндірді. "Отан менің өзімде" жобаларын іске асыру мақсатында "Ұл-шаңырақ иесі" тақырыбындығы ұлдарға арналған апталық аясында "Sport time: Ләңгі тебу" ұлттық ойындар эстафетасы өткізілді.

Ойлау,шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында «Математика әлемінде» тақырыбымен ZOOM платформасы арқылы зияткерлік ойын ұйымдастырылып өткізілді. Өздігінен білім алу, алған ақпараттарды пайдалана алуға тәрбиелеу мақсатында 9-11 сыныптар арасында «Ақпараттар әлемінде» атты онлайн-слайд шоу көрсетілді. «Мен және менің әлемім» атты 8-10 сыныптар арасында қашықтық негізде танымдық ойын өткізіліп, оқушылар өз білімдерін, шеберліктерін ортаға салды.Мектеп тәлімгері А.Гарифуллина 9-11 сыныптар арасында ZOOM платформасы арқылы «Менің таңдауым», «Мен кім болғым келеді?» тақырыбымен сауалнама жүргізіліп, оқушылар болашақта қай мамандық иесі болғысы келетіндіктері туралы өз ой-пікірлерін ортаға салды. Робототехника әлемімен таныстыру бағытында физика пәні мұғалімі С.Кенжеғалиев 8 «а,ә»-сынып оқушыларымен бірлесе «Робототехника біздің өмірізде» тақырыбымен онлайн-танымдық сағатын өткізді.

ҮІІ. «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие» беру аясында мектебімізде оқушылардың халық игілігін сақтау –кейінгі ұрпақтың парызы екендігін ұғындыру мақсатында «Мәдени мұра – халық игілігі» тақырыбымен сынып сағаты өткізілді. Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бірлік пен келісім» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында онлайн сынып сағаттары өткізілді. Шара барысында 4 «ә»-сыныбында «Жырға қосам, атыңды Отан-Ана!», 5 «а»-сыныбында «Бірлігі жарасқан-Қазақстан», 5 «ә»-сыныбында «Ынтымағы жарасқан-туған өлкем!», 7 «а»-сыныбында «Татулығы жарасқан, тағдыры бір халықпыз» тақырыптарында онлайн сынып сағаттарын өткізді. 9 «ә», 11 «а»-сыныптары әр ұлттың тілдерімен әлеуметтік желіде құттықтауларын жолдады. Бұл өткізілген шаралардың мақсаты өскелең ұрпақты патриотизмге, жоғары мәдени адамгершілік құндылықтар рухында тәрбиелеу, қоғамда ынтымақтастық пен өзара қолдауға бағыттау. 1-4 сыныптарда «Достық мекені» тақырыбында онлайн форматта суреттер көрмесі ұйымдастырылды. «Ынтымақ, бірлік, келісім-ең басты байлық ел үшін» тақырыбында 8 «а»-сыныбы Zoom желісінде танымдық сағат өткізді. Шарада ұлттар достығы тарихына шолу жасалып, ұлттар достығы, бірлік тақырыптарында өлеңдер оқылды.

ҮІІІ. «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты» бойынша ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған "OTANLife" жобасының наурыз айындағы "Қазақстан ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті" шарасына сәйкес "Шымырлық пен шеберлік" күніне орай бастауыш сыныптары арасында ұлттық ойындардан: асық ату, арқан тартыс, қол күресінен сайыстар өткізілді. Ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді, мәдениетімізді насихаттау және көктемгі каникул кезінде оқушылардың сапалы және қауіпсіз демалысын ұйымдастыру мақсатында 1-8-сыныптарда "Ulttygrand" сағаты, "Қазақстан-спорттық ұлт" тақырыбымен дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қ.Изимов пен АӘД пәнінің мұғалімі Е.Сайфолланың ұйымдастыруымен 10-11 сыныптар арасында шаңғы тебуден сайыс өткізілді. Темекіге қарсы күрес күніне орай «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында іс-шаралар акциясы өткізілді. Ғасыр індетінен сақтану жолдарын түсіндіру мақсатында Елтай дәрігерлік амбулаториясының дәрігері С. Бағытжанмен онлайн-кездесу ұйымдастырылып өткізілді. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу мақсатында 6 «ә»-сыныбында «Спорт-денсаулық кепілі» тақырыбымен онлайн сынып сағатын өткізді. Өткізілген шаралар фейзбук парақшасына жарияланды.

